

Г.С. Ильясова*, Т.С. Садыков, С.К. Кабылтаева

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан
(E-mail: gauhartas81@mail.ru; sadykov_ts@enu.kz; uteubaeva81@mail.ru)*

Солтүстік Қазақстан аймағындағы мемлекеттік демографиялық саясат: мәселелері және болашағы

Қазіргі кезеңде Қазақстанда оңтүстіктен солтүстікке қоныстандыруға негізделген бірнеше мемлекеттік бағдарламалардың шеңберінде халықтың механикалық қозғалысын (көші-қон) реттеу бойынша мемлекеттік саясат жүзеге асырылып жатыр. Авторлар осындай мемлекеттік бағдарламалардың ерекшеліктері мен оларды жүзеге асырудың мәселелеріне талдау жасаған. Мақалада Солтүстік Қазақстандағы демографиялық жағдайдың ерекшелігі, демографиялық даму факторларының территориялық дифференциациялануы, сонымен бірге аймақтық деңгейдегі демографиялық үрдістерді реттеудің тәсілдері айтылған.

Кілт сөздер: демографиялық саясат, демография, көші-қон, Солтүстік Қазақстан, мемлекеттік бағдарламалар, аймақтық демографиялық саясат.

Кіріспе

Қазіргі уақытта еліміздің солтүстік аймағында орын алып отырған демографиялық жағдай және қарқынды көші-қон жалпы республикамыздың халық санының және халықтың демографиялық құрамының өзгеруінің маңызды факторына айналып отырғаны белгілі. Еліміздің бірізді экономикалық, әлеуметтік және саяси дамуы, осымен бірге ұлттық қауіпсіздік мүдделері Қазақстан Республикасындағы демографиялық үрдістерді реттеудің қалыптасқан тәсілдерін өзгертуді талап етуде. Себебі, қазіргі кезеңде еліміздің әр аймақтарындағы демографиялық жағдайдағы кері құбылыстардың кешені күрделеніп отыр. Бұл Қазақстанның солтүстік аймағындағы халық санының азаюымен және табиғи өсімнің қысқаруымен байланысты. Осындай қалыптасқан жағдайда демографиялық саясаттың мәнін түсінбей Қазақстанның болашақтағы дамуын болжау мүмкін емес.

Осылайша, қазіргі кезеңдегі Қазақстандағы демографиялық жағдай бірқатар кері тенденциялармен сипатталады. Дегенмен, мұндай кері тенденциялардың көріну деңгейі әр аймақтарда әртүрлі және өзіндік айырмашылыққа ие. Осындай жағдайлардың орын алуының өзі аймақтық демографиялық мәселелер мен тенденциялардың ерекшеліктерін ескере отырып, аймақтық (соның ішінде Қазақстанның солтүстік аймағындағы) демографиялық саясатты өндеудің маңызы артып отыр. Қазақстанның солтүстік аймағындағы демографиялық саясат аймақтағы демографиялық жағдайды терең және жан-жақты талдауға және халық санының азаюы мен көші-қон мәселесін шешудің жинақталған тәжірибесіне негізделуі қажет. Сондықтан, тиімді демографиялық саясат тек қана республикалық емес, сонымен бірге аймақтық деңгейдегі бірізді және мақсатты бағытталған бірқатар мемлекеттік іс-шараларды жүзеге асыруды талап етеді. Атап айтқанда, демографиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін демографиялық үрдістерді оңтайландыру, әлеуметтік инвестициялардың тиімділік дәрежесі мен деңгейін жоғарлату және миграциялық қуатты тиімді пайдалану бойынша ұзақ мерзімді ұлттық бағдарламаларды жан-жақты өндеуді қажет етеді. Сондықтан, қазіргі кезеңде мемлекеттік демографиялық саясаттың қалыптасуы мен жүзеге асырылуының аймақтық аспектісін ескере отырып, ұлттық бағдарламаларды қалыптастыру және жүзеге асыру үрдісі ғылыми зерттеулерді талап етеді.

Бірақ, еліміздің демографиялық даму саласындағы жүргізіліп отырған саясаты әлеуметтік-саяси, экономикалық және құқықтық сипаттағы бірқатар мәселелермен ұштасып отыр. Сондықтан, қазіргі кезеңде демография және көші-қон салаларындағы мәселелерді шешуге ықпал ететін мемлекеттік аймақтық демографиялық саясаттың стратегиялық артықшылықтары мен механизмдерін анықтаудың маңызы жоғары. Осымен бірге, еліміздің солтүстік аймағындағы қалыптасқан демографиялық мәселені мемлекеттік деңгейде шешудің қажеттілігі тәжірибелік және ғылыми маңызға ие.

Зерттеу әдістері

Тақырыпты зерттеу барысында тарихи, жүйелік, құрылымдық-функционалдық және салыстырмалы-талдау әдістері қолданылды. Тарихи және жүйелік әдістер Қазақстанның солтүстік және оңтүстік аймақтарындағы демографиялық үрдістердің динамикасын анықтауға, сонымен бірге, демографиялық саясаттың детерминациясын айқындауға мүмкіндік берді. Демографиялық саясатты жүзеге асыру барысындағы мемлекеттік және қоғамдық институттардың өзара байланысын зерттеу негізінде құрылымдық-функционалдық әдіс қолданылды. Салыстырмалы талдау әдісі Қазақстанның демографиялық саясатына қатысы бар мемлекеттік бағдарламаларын, құжаттарын, статистикалық және әлеуметтанулық материалдарды өзара салыстыра зерттеу барысында пайдаланылды.

Негізгі бөлім

Қазақстан Республикасының 2012 ж. 6 қаңтардағы № 527-IV «Ұлттық қауіпсіздігі жөніндегі» Заңының 6-бабына сәйкес еліміз үшін ұлттық қауіпсіздіктің негізгі қауіп-қатерлерінің бірі ретінде демографиялық ахуалдың және халық денсаулығының нашарлауы, оның ішінде бала туудың күрт төмендеуі, өлім-жітімнің көбеюі, осымен бірге бақылаусыз көші-қон үрдістері атап көрсетілген [1]. Осы себептен, тұрақты демографиялық үрдістер еліміздің дамуының негізгі басымдықтары болып табылады.

Қазіргі уақытта, Қазақстан халқының оңтүстіктен солтүстікке қоныстану мәселесі еліміз үшін стратегиялық маңызды міндет тұрғысынан қарастырылуда. Қарқынды сыртқы, әсіресе ішкі көші-қон үрдістерінің арқасында солтүстіктің шекаралық аудандарындағы халық санының қысқаруы Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігінің маңызды мәселесіне айналып отыр.

«Қазақстан Республикасы көші-қон саясатының 2022–2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы және Қазақстан Республикасы көші-қон саясатының 2022–2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарында» көрсетілгендей, болжам бойынша қазіргі кезеңдегі қалыптасқан демографиялық және миграциялық даму тенденциялары сақталған жағдайда, 2050 жылға қарай Қазақстанның солтүстік аймағының халық саны 0,6 млн адамға, ал оңтүстік облыстарының (Алматы мен Шымкент қалаларын қоспағанда) 1,6 млн адамға өсуі мүмкін. Осының нәтижесінде 2050 жылдарға қарай оңтүстік аймақтардағы халықтың орналасу тығыздығы солтүстік аймақтармен салыстырғанда төрт есеге жоғары болады. Мысалы, 2021 жылдың алғашы алты айы ішінде Солтүстік Қазақстанға тұрақты өмір сүру үшін 2339 адам келсе, аймақтан 4236 адам қоныс аударған және бұл көрсеткіш 2020 жылдың бірінші жартысымен салыстырғанда 2,5 пайызға көп болып отыр. Яғни, халықтың миграциялық азаюы 1897 адамды құрайды, оның ішінде 616 адам сыртқы, ал 1281 ішкі (Қазақстанның басқа аймақтары) миграцияны құраған [2]. Қазақстан Республикасының Ұлттық статистикасының стратегиялық жоспарлау және реформалау агенттігінің мәліметтері бойынша 2022 ж. 1 тамызындағы жағдай бойынша Солтүстік Қазақстандағы халық саны 535648 адамды құрап отыр [3].

Осымен бірге, керісінше, халық санының қарқынды өсуімен ерекшеленетін Қазақстанның оңтүстігіндегі демографиялық жағдайды реттеудің қажеттілігі туындауда. Мысалы, 2020 ж. оңтүстік аймақтағы тұрғындар саны 5974,0 адамға өскен. Ал, 2020 жылдың аяғына қарай Оңтүстік облысы Қазақстан Республикасының жалпы халық санының 41 пайызын құраған. Соның ішінде, Алматы облысы — 2047,3 мың адаммен ерекшеленсе, екінші орынды халық саны 2 млн. адамды құрайтын Түркістан облысы иеленіп отыр. Жамбыл облысының халық саны 1127,8 мың; ал Қызылорда облысының халық саны 800 мың адамға жеткен [4: 13].

Елімізде 2014 ж. бастап Қазақстанда миграция саласындағы мемлекеттік саясаттың құралы ретінде қоныстандыру бағдарламалары қарастырыла бастады. Атап айтқанда, мемлекетіміз демография саласындағы қауіп-қатерді төмендету мақсатында бірқатар іс-шараларды жүзеге асыруда, дегенмен мұндай іс-шаралардың қаншалықты тиімді екені бірқатар сұрақтарды туындатады. Бұл мәселелер бірінші кезекте халықтың тығыз орналасуымен, жер ресурстарының тапшылығымен және жұмыс күшінің молдығымен сипатталатын Қазақстанның оңтүстік аймағымен байланысты. Оңтүстік аймақтың халық саны солтүстікпен салыстырғанда екі есеге көп, мысалы тек қана Түркістан облысының халық саны солтүстік аймақтармен салыстырғанда төрт есеге артып отыр. Сондықтан, оңтүстік аймақтағы жұмысшылар ресурстарын халықтың кемуі орын алып жатқан солтүстік аймақтарға жіберу жөніндегі шешім қабылданған болатын. Осымен бірге, Қазақстан Республикасының индустриалды-инновациялық дамуының мемлекеттік бағдарламасын жүзеге

асырудың негізгі бағыттары болып табылатын өнеркәсіп салалары солтүстік және шығыс аймақтарда шоғырландырылған.

Осы себептен, Қазақстанда еңбек ресурстары мол оңтүстік аймақтан еңбек ресурстары тапшы солтүстік аймаққа адамдарды қоныстандыруға бағытталған бірқатар бағдарламалар қалыптасты. Мұндай бағдарламалардың бірі — Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы [5] болып табылады. Бұл бағдарламаның 4-ші бөліміне сәйкес келесі мақсат және міндеттер көзделген:

- Халықты нәтижелі жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және азаматтарды кәсіпкерлікке тарту;
- «Еңбек» бағдарламасына қатысушыларды техникалық және кәсіптік біліммен және қысқа мерзімді кәсіптік оқытумен қамтамасыз ету;
- жаппай кәсіпкерлікті дамыту;
- халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және еңбек ресурстарының ұтқырлығы арқылы еңбек нарығын дамыту;
- «Жастар — ел тірегі» ұлттық жобасының кешенді іс-шараларын іске асыру.

Осымен бірге, аталған бағдарламаның міндеттерінің бірі — еңбек ресурстары тапшы аймақтарды жұмысшылар күшімен қамту мақсатында еңбек ресурстарының территориялық мобильділігін жоғарлату, аймақтық экономикалық диспропорцияны және демографиялық дисбалансты жою, аймақтардың бәсекеге қабілеттілігін жоғарлату болып табылады.

«Еңбек» бағдарламасына қатысушылардың өз еркімен қоныстануына ықпал ету шаралары аймақаралық және ішкіоблыстық миграция шеңберінде жүзеге асырылды. Оңтүстіктен солтүстік аймаққа қоныстанушылар үшін мемлекеттен қаржылай көмек, тұрғын үй жалдау және коммуналдық төлемдерді өтеу мәселелері қарастырылған.

2017–2020 жылдар кезеңінде «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде Ақмола, Шығыс Қазақстан, Қостанай, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарына барлығы шамамен 32 мың адам қоныс аударған, олардың жартысы — еңбекке қабілетті жастағы адамдар болған [6].

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің сайтында орналастырылған, аталған бағдарламаның жүзеге асырылғандығы жөніндегі есепке сәйкес, 2022 ж. 1 қаңтарына дейін еңбек ресурсы мол оңтүстік аймағынан 8139 адамнан тұратын 2579 отбасы қоныстандырылған, соның ішінде 2826 адам жұмысқа орналастырылған. Есепке сәйкес, бұл бағыт еңбек ресурсы тапшы аймақты қамтамасыз етіп, аймақтық диспропорцияны және демографиялық дисбалансты жоюға бағытталған [7].

Аталған нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасының мерзімі аяқталған соң, ҚР Үкіметінің 2021 ж. 12 қазандағы № 729 қаулысына сәйкес «Қуатты өңірлер — ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы бекітілді [8]. Бұл жобаның мақсаты — базалық қызметтерге халықтың тең қолжетімділігін қамтамасыз ету, тұрғын үй-коммуналдық жағдайды жақсарту және тұрғын үй құрылысын дамыту, сондай-ақ көліктік байланысты қамтамасыз ету және елдің көліктік-транзиттік әлеуетін жоғарылату есебінен азаматтардың қолайлы өмір сүру ортасын құру болып саналады. Аталған жобаға сәйкес, урбандалу деңгейін 59,1 %-дан 62,6 %-ға дейін ұлғайту; агломерациялар мен облыс орталықтарындағы (сондай-ақ Семей қаласындағы) халық санын жыл сайын 1,7 %-ға ұлғайту; ауылдық елді мекендерге денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы 21 мыңнан астам маманды, сондай-ақ ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілерін тарту; барлық қаржыландыру көздері есебінен 236,7 мың отбасының тұрғын үй жағдайын жақсартуды қамтамасыз ету; қалаларда сумен жабдықтау қызметтеріне 100 % қолжетімділікті қамтамасыз ету; ауылдарда сумен жабдықтау қызметтеріне 100 % қолжетімділікті қамтамасыз ету; қоныс аударушылар мен қандастардың жұмыспен қамтылу деңгейін, оның ішінде кәсіпкерлік бастаманы дамыта отырып, 79 %-дан 87 %-ға дейін арттыру көзделген [8].

«Қуатты өңірлер — ел дамуының драйвері» ұлттық жобасымен Алматы, Жамбыл, Маңғыстау, Түркістан, Қызылорда облыстары, сондай-ақ Алматы, Шымкент және Нұр-Сұлтан қалалары қоныс аударушылардың шығу өңірлері болып айқындалды. Қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдау

өңірлері: Ақмола, Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстары.

Ұлттық жоба шеңберінде ерікті түрде қоныс аударуға қатысушылар үшін субсидиялар түрінде мынадай мемлекеттік қолдау шаралары ұсынылады: отбасының әрбір мүшесіне көшуге 70 АЕК мөлшерінде біржолғы төлем (2022 жылы — 222,6 мың теңге); тұрғын үйді жалдау және коммуналдық қызметтерге ақы төлеу шығындарын жабу үшін төлем 1 жыл ішінде ай сайын төленеді. Төлем мөлшері қалаға қоныс аударғандар үшін бір адам үшін 20 АЕК-тен (61,3 мың теңге), отбасы мүшелерінің саны бес және одан көп адам болса 30 АЕК-ке (91,9 мың теңге) дейін, ауылдық жерлерге қоныс аударғандар үшін — бір адам үшін 15 АЕК-тен (45,9 мың теңге) бастап, отбасы мүшелерінің саны бес және одан көп болса 21 АЕК-ке дейін (64,3 мың теңге) құрайды [9].

Сондай-ақ, «Өңіраралық еңбек ұтқырлығы (Оңтүстік-Солтүстік) шеңберінде қоныс аударушылар саны» көрсеткіші бойынша 2022 ж. облыстың еңбек ресурстарының ұтқырлығы шеңберінде 2 800 адам (700 отбасы) көлемінде квота бөлінген. Тиісінше, Павлодарға еліміздің жұмыс күші артық өңірлерінен 1136 адам (239 отбасы) қоныс аударған. Еңбекке жарамды 536 адамның ішінен 369 адам тұрақты жұмыс орындарына орналастырылды. Қоныс аударушылардың 64 пайызы ауылдық жерлерде, оның 17 пайызы аудан орталықтарында, қалған 36 пайызы қалаларында тұрып жатыр. Жалпы, бұл жоспардың орындалу көрсеткіші 41 пайызды құрап отыр. Айта кетсек, өңірге еңбек күшін көшіру еліміздің барлық жұмыс күші артық өңірлерінен жүзеге асырылған (Алматыдан — 315 адам, Түркістан облысынан — 395 адам, Жамбыл облысынан — 107 адам, Қызылорда облысынан — 75 адам, Маңғыстаудан — 20 адам, Нұр-Сұлтаннан — 88, Алматыдан — 31 және Шымкент қаласынан — 105 адам қоныс аударған). Тағы бір айта кетерлігі — өңірдегі кадр тапшылығына сәйкес, облысқа білім беру, ауыл шаруашылығы, денсаулық сақтау саласының мамандары көбірек келген. Тамыз айында өңірлік квотаға тағы да қосымша 104 адам енгізілді [10].

Жұмыс күші артық өңірлерден қоныс аудару бойынша жұмыстар 2022 жылдың ақпан айында басталды. Сол уақыттан бері Павлодар облысының делегациясы ақпараттық-түсіндіру жұмыстарымен Түркістан, Алматы, Қызылорда және Маңғыстау облыстарына, сондай-ақ, Алматы, Шымкент қалаларына барған. Павлодар облысына ел аймақтарынан бөлек, Моңғолия, Өзбекстан, Ресей мен Қытай Халық Республикасынан 121 қандас көшіп келіп, 22 отбасы өңірлік квотаға енгізілген. Олар облыс қалаларына, сондай-ақ, Аққулы, Шарбақты, Тереңкөл, Железин және Успен ауылдарына қоныстанған. Еңбекке жарамды 68 қандастың 38-і тұрақты жұмыспен қамтылған. Одан бөлек, өңірлік квотаға енгізілгендердің барлығына көшуге, тұрғын үй жалдауға және коммуналдық қызметтердің ақысын төлеуге арналған субсидиялар уақытылы төленген [10].

2014 жылдан бастап жұмыс күші артық аймақтардан келген жастар үшін жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі, техникалық және кәсіптік білім алу мүмкіндіктерін беруге және оларды жұмыс күші тапшы өңірлерде жұмысқа орналастыруға бағытталған «Мәңгілік ел жастары — Индустрияға» — «Серпін — 2050» білім беру жобасы іске асырылуда [11].

«Серпін — 2050» жобасы бойынша 2014–2018 жылдары оқуын аяқтағаннан кейін алған біліктілігін солтүстіктің еңбек күші тапшы өңірлерінде қолдануға дайын студенттерге 16 975 грант бөлінді (колледждерде оқу үшін 3 970 грант, жоғары оқу орындарында оқу үшін 13 005 грант). Гранттар саны жыл сайын өсуде. Бұл бағдарламаның әлеуеті бар, оны «Оңтүстік— Солтүстік» қоныс аудару бағдарламасына көптеген жастарды тарту үшін пайдалануға болады. «Серпін — 2050» бағдарламасы бойынша түлектерді жұмысқа орналастыру мәселесін шешу үшін орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың бағдарламасына тартылған күш-жігерді нақты үйлестіру, бизнес пен жоғары оқу орындары арасындағы ынтымақтастық, жұмыс орнын беру кепілдік қажет [6].

Бұл бағдарлама бойынша 2022–2023 оқу жылына 3653 грант бөлінген, және ол Түркістан, Қызылорда, Жамбыл, Алматы, Жетісу облыстарының түлектеріне арналған. Гранттар Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Шығыс Қазақстан, Абай, Павлодар, Қарағанды, Қостанай облыстарының түлектеріне арналған [12].

Осылайша, Қазақстанның солтүстік аймағындағы демографиялық және көші-қон саласындағы пайда болған мәселелерді шешу барысында бірқатар маңызды қадамдар жасап, мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асырып келеді. Мемлекеттік деңгейдегі осындай іс-шараларды жүзеге асыру арқылы еліміздің солтүстік аймағына қатысты аймақтық демографиялық саясатының арқасында біршама жетістіктерге қол жеткізілді.

Дегенмен, аталған бағдарламаларды жүзеге асыру барысында және олардың тиімділігіне қатысты бірқатар қиындықтар бар. Бұл қиындықтар мемлекеттік бағдарламалардың тартымдылығына

ықпал ететін мәселелердің кешенімен сипатталады. Осыған байланысты келесі мәселелерді бөліп көрсетуге болады:

1) Тұрғын үй мәселесі. Мысалы, тұрғын үйдің болмауы себебінен, көптеген студенттер білім алуды аяқтаған соң кері қайтуда. Бұл мәселені шешу үшін, болашақта «Серпін» бағдарламасы «Дипломмен ауылға» бағдарламасымен интеграциялануы мүмкін. Оңтүстіктен солтүстікке қоныстандыру бағдарламасы бойынша қоныстанушыларды тұрғын үймен қамту мәселесіне келер болсақ, солтүстік облыстардағы тұрғын үйлер, әсіресе ауылдық жерлердегі тұрғын үйлер ескірген. Сондықтан, «Еңбек» қоныстандыру бағдарламасының шеңберінде бағдарлама бойынша қоныстанушылар үшін жаңа тұрғын-үй салу үшін айтарлықтай қаржы бөлінген. Мысалы, осы мақсатта 2019–2021 жж. үш мыңға жуық қоныстанушы отбасын тұрғын-үймен қамтамасыз ету үшін 15 млрд. теңге бөлінген. Дегенмен, қоныс аударушылардың бір бөлігінің пікірі бойынша берілген жаңа үйлер сапасыз құрылған және өмір сүруге жарамсыз, осы себептен қоныс аударғандардың көпшілігі кері оралуда [13].

2) Жұмыспен қамту мәселесі. Еңбек нарығындағы қалыптасқан ұсыныстар қоныстанушылар үшін аса қызығушылық тудырмайды. Көптеген жағдайларда, солтүстік аймақтарда білім алған түлектерге аграрлық сектордағы кәсіпорындарда маусымдық сипаттағы жұмыс ұсынылуда. Сондықтан, еңбекпен қамту мәселесін шешу үшін салалық және аймақтық құрылымдардың нақты координациялық әрекеттері, бизнес пен жоғарғы оқу орындары арасындағы ынтымақтастық қажет.

Осымен бірге, оңтүстік облыс тұрғындары солтүстікке қоныстана отырып, климаттық жағдайға байланысты қиындықтарға тап болуда, атап айтқанда, мал және егін шаруашылығы бойынша тез арада айтарлықтай жақсы нәтижелерге қол жеткізе алмауда. Сондықтан, бұл мәселені шешу үшін қоныс аударушылар үшін жылыжайлар, фермалар құру қажет [13].

3) Әлеуметтік-мәдени фактордың кері әсері. Бұған табиғи-климаттық жағдайды, тіл мәселесін, халық менталитетінің айырмашылығын, осымен бірге оңтүстік және солтүстік аймақтардағы еңбекті ұйымдастыру және оның мәдениетіндегі айырмашылықтарды жатқызуға болады.

Қорытынды

Азаматтарды еңбек ресурсы мол оңтүстік аймақтан еңбек ресурсы тапшы болып табылатын солтүстік аймаққа қоныстандыруға бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың стратегиялық маңызы жоғары болып саналады және мұның еліміздің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесіне тікелей қатысы бар.

Негізінен алғанда жекелеген аймақтардың әлеуметтік және экономикалық жағынан бір келкі болмауы және еліміздің солтүстік және оңтүстік аймақтарындағы орын алған демографиялық мәселелер мемлекетіміздің ішкі көші-қон үрдістерін реттеу қажеттілігін туындатты. Сондықтан, Қазақстандағы демография мәселесі мен ішкі көші-қон үрдісіне қатысты жүргізіліп отырған демографиялық саясат мемлекетіміздің территориялық тұтастығы мен ұлттық қауіпсіздігі жағынан аймақтың келесідей ерекшеліктерін ескеру қажет: біріншіден, Ресеймен шекаралас болып табылатын солтүстік аймақтың ерекше геосаяси мәртебесін ескеру; екіншіден, солтүстік аймақтың айтарлықтай экономикалық қуатын ескеру; үшіншіден, еліміз үшін солтүстік аймақтың табиғи қазба байлықтарының (минералды шикізат базасының) маңыздылығын ескеруіміз қажет.

Әдебиеттер тізімі

1 О национальной безопасности Республики Казахстан. Закон Республики Казахстан от 6 января 2012 года № 527-IV [Электронный ресурс] — Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1200000527>

2 Миграционная катастрофа в Северном Казахстане: почему люди массово бегут из региона [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://www.caravan.kz/articles/migracionnaya-katastrofa-v-severnom-kazakhstan-pochemu-lyudi-massovo-begut-iz-regiona-766262/>

3 Официальный сайт Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://stat.gov.kz/region/264023>

4 Сауран Э.С. Изменение численности населения Южного Казахстана в 1991–2020 годах / Э.С. Сауран, Б.П. Найманбаев // Polish Journal of Science. — 2022. — № 48–2. — С. 12–18.

5 Об утверждении Государственной программы развития продуктивной занятости и массового предпринимательства на 2017–2021 годы «Еңбек» [Электронный ресурс] — Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1800000746>

6 Об утверждении Концепции миграционной политики Республики Казахстан на 2022–2026 годы и Плана мероприятий по реализации Концепции миграционной политики Республики Казахстан на 2022–2026 годы [Электронный ресурс] — Режим доступа: <https://legalacts.egov.kz/npa/view?id=13920313>

7 Годовой отчет Государственной программы развития продуктивной занятости и массового предпринимательства на 2017–2021 годы «Енбек» [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://www.gov.kz/memleket/entities/enbek/press/article/details/77404?lang=ru>

8 Об утверждении национального проекта «Сильные регионы — драйвер развития страны» [Электронный ресурс] — Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2100000729>

9 Жұмыс күші артық өңірлерден қоныс аударушыларға материалдық көмек көрсетіледі [Электрондық ресурс]. — Қол жетімділік тәртібі: <https://sn.kz/sn-akparat-agyny/94028-turgyndardy-ontustikten-soltustikke-koshiru-ushin-koldan-kelgennin-b-rin-zhasaimyz-ministr>

10 Қуатты өңірлер — ел дамуының драйвері: Павлодарлық қалалар мен ауылдардың даму қарқыны жоғары [Электрондық ресурс] — Қол жетімділік тәртібі: <http://ernur.kz/kazakhstan/kuatty-onirler-el-damuyun-draiveri-pavlodarlyk-kalalar-men-auyldardyn-damu-karkyny-zhoghary>

11 Жусупова А. Государственная программа переселения «Юг–Север»: востребованность и успешность [Электронный ресурс]. / А. Жусупова. — Режим доступа: <https://ekonomist.kz/zhusupova/programma-pereseleniya-yug-gosprogramma-sever/>

12 Сайт Центра национального тестирования [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <http://www.testcenter.kz/press-sentr/novosti/detail.php?ID=5153>

13 Жусупова А. Влияние программ переселения на повышение конфликтности в регионах Казахстана [Электронный ресурс]. / А. Жусупова, Г. Илеуова, Г. Насимова, Ш. Халикова. — Режим доступа: <https://centralasiaprogram.org/vliyanie-programm-pereseleniya-na-povyshenie-konfliktnosti-regionah-kazhastana>

Г.С. Ильясова, Т.С. Садыков, С.К. Кабылтаева

Государственная демографическая политика в Северном Казахстане: проблемы и перспективы

На современном этапе в Казахстане реализуется государственная политика регулирования механического движения народонаселения на основе нескольких программ переселения жителей, прежде всего, из южных областей в северные. Авторами статьи проанализированы особенности и проблемы реализации данных государственных программ. Выявлены особенности демографической ситуации в Северном Казахстане, территориальная дифференциация факторов демографического развития, а также подходы к регулированию демографических процессов на региональном уровне.

Ключевые слова: демографическая политика, демография, миграция, Северный Казахстан, государственные программы, региональная демографическая политика.

G.S. Ilyassova, T.S. Sadykov, S.K. Kabylytayeva

State demographic policy in Northern Kazakhstan: problems and prospects

At the present stage in Kazakhstan, the state policy of regulating the mechanical movement of the population is being implemented based on several programs for the resettlement of residents, primarily from the southern regions to the northern ones. The authors of the article analyze the features and problems of the implementation of these state programs. The article reveals the features of the demographic situation in Northern Kazakhstan, the territorial differentiation of the factors of demographic development, as well as approaches to the regulation of demographic processes at the regional level.

Keywords: demographic policy, demography, migration, Northern Kazakhstan, government programs, regional demographic policy.

References

1 О национальной безопасности Республики Казахстан. Закон Республики Казахстан от 6 января 2012 года No. 527–IV [On the national security of the Republic of Kazakhstan Law of the Republic of Kazakhstan of January 6, 2012 N 527-IV]. Retrieved from <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1200000527> [in Russian].

2 Миграционная катастрофа в Северном Казахстане: почему люди массово бегут из региона [Migration catastrophe in Northern Kazakhstan: why people are fleeing en masse from the region]. Retrieved from <https://www.caravan.kz/articles/migracionnaya-katastrofa-v-severnom-kazakhstan-pochemu-lyudi-massovo-begut-iz-regiona-766262/> [in Russian].

3 Официальный сайт Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан [Official website of the Bureau of National Statistics of the Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan]. Retrieved from <https://stat.gov.kz/region/264023> [in Russian].

4 Sauran, E.S., & Naimanbaev, B.R. (2022). Izmenenie chislennosti naseleniia Yuzhnogo Kazakhstana v 1991–2020 godakh [Population change in South Kazakhstan in 1991–2020]. *Polish Journal of Science*, 48–2 [in Russian].

5 Ob utverzhenii Gosudarstvennoi programmy razvitiia produktivnoi zaniatosti i massovogo predprinimatelstva na 2017–2021 gody «Enbek» [On the approval of the State program for the development of productive employment and mass entrepreneurship for 2017–2021 “Employment”]. Retrieved from <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1800000746> [in Russian].

6 Ob utverzhenii Kontseptsii migratsionnoi politiki Respubliki Kazakhstan na 2022–2026 gody i Plana meropriiati po realizatsii Kontseptsii migratsionnoi politiki Respubliki Kazakhstan na 2022–2026 gody [On approval of the Concept of the Migration Policy of the Republic of Kazakhstan for 2022–2026 and the Action Plan for the implementation of the Concept of the Migration Policy of the Republic of Kazakhstan for 2022–2026]. Retrieved from <https://legalacts.egov.kz/npa/view?id=13920313> [in Russian].

7 Godovoi otchet Gosudarstvennoi programmy razvitiia produktivnoi zaniatosti i massovogo predprinimatelstva na 2017–2021 gody «Enbek» [Annual report of the State Program for the Development of Productive Employment and Mass Entrepreneurship for 2017–2021 “Enbek”]. Retrieved from <https://www.gov.kz/memleket/entities/enbek/press/article/details/77404?lang=ru> [in Russian].

8 Ob utverzhenii natsionalnogo proekta «Silnye regiony — draiver razvitiia strany» [On the approval of the national project «Strong regions — the driver of the country's development»]. Retrieved from <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2100000729> [in Russian.]

9 Zhumys kushi artvq onirlerden qonvs audarushylarga materialdyq komek korsetiledi [Financial assistance will be provided to emigrants from labor-intensive regions]. Retrieved from <https://sn.kz/sn-akparat-agyny/94028-turgyndardy-ontustikten-soltustikke-koshiru-ushin-koldan-kelgennin-b-rin-zhasaimyz-ministr> [in Kazakh].

10 Quatty onirler — el damuynyn draiveri: Pavlodarlyq qalalar men auyldardyn damu qarkyny zhogary [Powerful regions are the driver of the country's development: Pavlodar cities and villages have a high development rate]. Retrieved from <http://ernur.kz/kazakstan/kuatty-onirler-el-damuynyn-draiveri-pavlodarlyk-kalalar-men-auyldardyn-damu-karkyny-zhoghary> [in Kazakh].

11 Zhusupova, A. Gosudarstvennaia programma pereseleniia «Yug–Sever»: vostrebovannost i uspeshnost [The State resettlement program “South-North”: demand and success]. Retrieved from <https://ekonomist.kz/zhussupova/programma-pereseleniya-yug-gosprogramma-sever/> [in Russian].

12 Sait Tsentra natsionalnogo testirovaniia [Site of the National Testing Center]. Retrieved from Rezhim dostupa: <http://www.testcenter.kz/press-tsentr/novosti/detail.php?ID=5153> [in Russian].

13 Zhusupova, A., Ileuova, G., Nasimova, G., & Khalikova, Sh. Vliianie programm pereseleniia na povyshenie konfliktnosti v regionakh Kazakhstana [Combination of programs of resettlement and increase of conflict in the regions of Kazakhstan]. Retrieved from <https://centralasiaprogram.org/vliianie-programm-pereseleniya-na-povyshenie-konfliktnosti-regionah-kazakhstana> [in Russian].